

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми орталықтарының қызметі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 желтоқсан N 1668.

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 12, 86-құжат) орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін қоса беріліп отырған өзгерістер бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми орталығы туралы Үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 31 мамырдағы N 445 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 19, 241-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1668 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.15 N 759 қаулысымен.

2. Күші жойды - ҚР Үкіметінің 1999.06.15 N 760 қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасының биотехнология жөніндегі Ұлттық орталығының қызметін қамтамасыз ету шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 16 қарашадағы N 1140 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 527-құжат) 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының Биотехнология жөніндегі ұлттық орталығы (бұдан әрі - Ұлттық орталық) Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық бағынысты кешенді ғылыми-техникалық бірлестік болып табылады деп белгіленсін".

4. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.18. N 1299 қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.23. N 873 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК